

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай



Құрыш қала KZ



khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 13 мамыр жұма 2016 жыл № 06 (55)

Ұрпақтар сабақтастығы



2 - бет

Ардагерлер алғысы



3 - бет



Сату деген ауызға алынбасын

5 - бет

„Өнер тамған он саусақ - үзілмейтін ырысың,, дейді дана халқымыз. Жөн сөз, өнерді сүйіп, оны жанына серік еткен қаламыздың тұрғыны, небәрі он алты жастағы жасөспірімнің алар асуы әлі алда. Ол бүгіннің өзінде таудай талабымен, шарықтаған қиялымен, үздіксіз ізденісімен хас шеберлердің жоғары бағасын алып, болашағынан үлкен үміт күттіріп жүр. Сонымен біздің кейіпкерімізбен таныс болыңыздар, аты-жөні Мәлика Жұмаділова.

Үздіктер анықталды

Жыл сайын 12 мамыр күні медбикелердің кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Денсаулық сақтау саласында дәрігердің көмекшісі ретінде ғана емес, сонымен қатар біліктілігімен, жылы сөзімен сырқаттардың дертіне дауа болып жүрген медбикелер еңбегі осы күні еленеді.




2 - бет

Өнерлі бала елдің көркі



6 - бет



Кешегі ел басына күн туған сұрапыл соғыста қолына қару алып, Отан қорғау үшін майданға аттанған боздақтар миллиондап саналады. Олардың басым бөлігі сол майдан даласында мәңгілік қалды, жай емес, ерлік көрсетіп, жаумен шайқасып, Отан үшін окқа ұшты. Ал екіншілері жараланып, аяқ-қолдарынан, денсаулығынан айырылы. Азаматтармен бірге нәзік жандылар да тізе қосып, оқ пен оттың арасында жан берісіп, жан алысып, ерліктің тамаша үлгілерін көрсеткені мәлім. Отан қорғаушы күні дегенде ең бірінші еске оралатыны осы. Дегенмен, Отанды қырғын соғыста ғана емес, бейбіт күнде де қорғаудың маңызы зор, сондықтан өскелең



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

ұрпақтың бойына патриоттық сезімді дарытып, жерін, елін сүюдің қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру жолында соғыс ардагерлерінің атқарып келе жатқан міндеті айтарлықтай. Олар ашық аспан, бейбіт заманда өмір сүретін, уайым-қайғысы жоқ қазіргі кезең туралы, Тәуелсіз мемлекеттің тыныс-тіршілігі жайында тамсана айтады, сосын өздерінің соғыспен, қиындықпен тұспа-тұс келген балалық, жастық шақтарын еске алып, бүгінгі ұрпақтың бақытты екеніне тағы бір мәрте көз жеткізіп, барды бағалай білудің қадірін ұғындырады.

Мұны айтып отырғанымыз, осындай соғыс ардагерлерін қат-қабат келген 7 және 9 мамыр күндеріне орай қала билігі ұмыт қалдырмай, олардың үйлеріне барып, мерекемен құттықтап, сый-сиапат көрсетті. Атап айтар болсақ, қала әкімі Ғалым Әшімов 7 мамыр күні соғыс ардагері Елена Филипповна Бекетованың шаңырағында болды. Ардагер ана омырауы орден-медалдарға толы костюмі мен басына көгілдір пилотка киіп, кәнігі әскерилерше қарсы алды.

- Қымбатты Елена Филипповна, сізді қос мерекемен шын жүректен құттықтаймын, деніңіз сау болып, әрқашан арамызда жүре беріңіз. Сіздің ерлік пен еңбекке толы өміріңіз жастарға әрдайым үлгі-өнеге,-деп әкім гүл шоқтары мен сыйлық толы солдат қорапшасын тарту етті.



- Мен әскер қатарына 1943 жылы алынып, зенитшілер полкінде қызмет еттім, әуені қорғап, неміс басқыншыларына зениттен оқ жаудырдым. Ал Жеңісті Польша жерінде қарсы алдым. Соғыстың біткені туралы сүйінші хабарды естігенде қуаныштан көз жасына ерік бердік, аспанға оқ отып, осы күнге жете алмаған қарулас достарымызды еске алдық,-дейді омырауында екінші дәрежелі „Отан соғысы“, ордені, „Германияны жеңгені үшін“, „Маршал Г. Жуков“, секілді медальдары бар ардагер ана.

Мұнан соң әкім тағы бір қарт жауынгер Александр Яковлевич Добромеловтың отбасына барды. Мұнда ардагер қос ұлымен ақ дастарқанын жайып отыр екен. Токсан жасқа келген ол Харьков-

Ұрпақтар сабақтастығы



те 6-шы атқыштар дивизиясының сапында қызмет еткен. Сонымен қатар Бірінші белорус майданында Гомель, Слуцк қалаларын және Румыния, Венгрияны жаудан азат етуге қатысқан. Соғыс жолын Германияда аяқтап, „Бірінші дәрежелі Отан соғысы“, орденімен марапатталған. Бұған қоса „Ерлігі үшін“, „Ұлы отан соғысына қатысқаны үшін“, секілді басқа да көп медальдары бар.

- Бізге, ардагерлерге осындай жылы қабақ танытып, мерекеде елеп-ескерген аса қажет. Адам қартайғанда бір бала демекші, көңіліміз көтеріліп, қуанып қаламыз. Мен Жеңісті қарсы алған соң дереу елге оралғаным жоқ, елуінші жылдарға дейін қызмет етіп, әскерден Отан қашан босатқанша азаматтық борышымды өтедім, - деді ардагер.

Руза АЛДАШЕВА



Мерейлі отбасы

Соңғы жылдары елімізде „Мерейлі отбасы“, байқауы өтіп, өнегелі отбасылардағы өзара сыйластық пен қарым-қатынас, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрі мен бойларындағы өнері, еңбек пен мамандыққа деген адалдығы көптің алдында паш етіледі.



Комиссия отырысы өтті

Дәстүрлі байқау биыл да өз жалғасын табады, сәуір айынан бері қатысуға ниет білдіріп, қажетті құжаттарын тапсырған алты отбасы енді қалалық конкурста өзара жарысқа түседі. Осыған орай өткен бейсенбі күні әкімдіктің кіші мәжіліс залында комиссия отырысы өтіп, алдағы жоспарлар талқыланды. Комиссияны қала әкімінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары Ғалымжан Спабеков жүргізді.

- Біздің құрыш қаламызда өнегелі отбасылар көп, олардың мұндай байқауға қатысуға тілек білдіруі заңды. Негізінен, байқау үш басқыштан тұрады, алғашқысы қалалық, сосын облыстық, ал соңғысы республикалық деңгей. Қалалық байқаудан үздік деп танылған отбасы облысқа жолдама алады, сондықтан лайықты отбасыны таңдау қажет, - деген әкім орынбасары әрбір отбасы туралы нақты мәліметтер мен дайындалған құжаттармен танысуға мүмкіндік берді.

Қалалық конкурстың қашан өтетіні алдағы уақытта хабарланатын болады.

Руза ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Саламатты Қазақстан

Жыл сайын 12 мамыр күні медбикелердің кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Денсаулық сақтау саласында дәрігердің көмекшісі ретінде ғана емес, сонымен қатар біліктілігімен, жылы сөзімен сырқаттардың дертіне дауа болып жүрген медбикелер еңбегі осы күні еленеді.

Соңғы жылдары „Орта медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ассоциациясы“, қоғамдық бірлестігі осы мерекеге орай түрлі іс-шара өткізіп, медбикелердің біліктілігін шыңдап, олардың тәжірибе жинақтай түсуіне өз ықпалын тигізіп келеді.



- Елімізде медбикелер күні 1993 жылдан бері аталып өтіледі. Қаламыздағы ақ желеңді абзал жандардың атқаратын еңбегі ұшан-теңіз, оларды осы төл мерекелері қарсаңында жұртшылық алдына шығарып, жемісті еңбегін атап өту, марапаттау- біздің міндетіміз. Бұған дейін де мұндай сайыстар өтті,-дейді аталған Ассоциация жетекшісі

Светлана Брамонтова. „Өлем“, балалар мен жасөспірімдер орталығында салтанатты сәт өтіп, бұған дейін бірнеше басқыштан, атап айтқанда өзін-өзі таныстыру, тестілеу, тәжірибе сынақтарынан сүрінбей өткен 11 медбикенің тоғызы жарыс жолын жалғастырып, жүлделі орындар үшін білімдері мен біліктерін көрсетті.

„Денсаулық трамвайы“, жолға шығып, білікті мамандар трамвайға мінген жолаушылардың қын қысымын өлшеп, денсаулықтарына байланысты сұрақтарына жауаптар қайтарып, салауатты өмір салтын насихаттап, денсаулыққа бірінші кезекте әрбір тұрғынның өзі жауапты екенін түсіндірді.

Руза АЛДАШЕВА

Үздіктер анықталды

Қорытындысында жүлделі үшінші орынды „Жедел жәрдем“, станциясының өкілі Әсем Мүсірова иеленсе, екінші орынды қалалық перзентхананың медбикесі Мағира Мырзашаева, ал бірінші орынды орталық аурухананың медбикесі Вера Зюбина иеленді. Жүлдегерлерге арнайы диплом мен бағалы сыйлықтар тапсырылып, еңбектеріне жеміс тіледі.


Осы қоғамдық ұйымның ұйымдастыруымен



Мерекелік салтанат

Биыл еліміз Ұлы Жеңістің 71 жылдығын атап өтті, мерекелік салтанат біздің құрыш қалада да ауқымды ұйымдастырылды.

Ардагерлер алғысы



монументіне, Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімін жасады. Салтанаттан соң қала әкімі соғыс ардагерлерін „Ардана„ мейрамха-

Биылғы мерекенің өзіндік ерекшеліктері болды, біріншіден, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жылдан-жылға қатары сиреп бара жатқаны анық аңғарылды. Қарт солдаттар мен тыл еңбеккерлеріне арнайы қойылған орындықтардың көбі бос, мұнда келіп жайғасып жатқандардың да қарасы аз. Бұл жөнінде қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитовадан сұрағанымызда:

- Әрине, уақыт зымырап өткен сайын соғыс ардагерлерінің арамзыдан кетіп жатқаны біздің де жанымызға батады. Қазіргі таңда Теміртауда бар болғаны 35 ғана соғыс ардагері ғұмыр кешуде, олардың тек оншақтысы ғана, соның ішінде тек бесеуі өздігінен жүріп-тұра алады, қалғаны өзгелердің көмегіне мұқтаж. Ал басқасы керіліктің аулына қоныстанып, төсекке таңылған, сондықтан жеңіс салтанатына тек бес ардагер келіп отыр,-деді Нина Тимофеевна.

Әйтсе де, ардагерлер мен тыл еңбеккерлері қолдарына қос-қостан гүл шоқтарын ұстап, ақ тілектерін айтып, өздеріне көрсетілген құрметке дән риза болып, алғыстарын жаудырып жатты. Сонымен тағатсыздана күткен салтанат басталып, алаңға еліміздің байрағы мен Жеңіс туының көшірмесін қаламыздағы №5516 әскери бөлімінің сарбаздары алып



келді. Ал қала әкімі Ғалым Әшімов құттықтау сөз сөйледі.

- Құрметті ардагерлер, теміртаулықтар мен қала қонақтары! Бүгінгі Жеңіс мерекесінің біздің әрбіріміздің өмірімізде, тарихымызда алатын орны ерекше. Кешегі Ұлы Отан соғысында қазақстандықтар да өздерінің өлшеусіз үлестерін қосты, қасық қаны қалғанша жаумен соғысып, осы бейбіт күннің, Жеңіс күнінің жетуі жолында табандылықпен шайқасты. Мысалы, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова мен

Мәншүк Мәметова сынды басқа да көптеген қазақ батырлары ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Батырлардың, Отан үшін отқа түскен есіл ерлердің ерліктері мен есімдері ешқашан ұмытылмайды. Отан қорғау жолында мерт болған боздақтарымызды әрдайым еске алып, оларды өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етеміз,-дей келе қала әкімі баршаны Жеңіс күнімен құттықтады.

Мұнан соң соғыс ардагері Николай Семенович Куриленко, Теміртау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы, полковник Қайрат Әбішев

де жүрекжарды лебізін жеткізіп, Жеңіс күнімен жұртшылықты құттықтады.

Қаламыздың белгілі әншісі Жанна Хасенова әуелете ән шырқаса, ал басқа да өнер ұжымдарының жас әншілері соғыс жылдарындағы патриоттық әндерді айтты. Бұл салтанаттың ең басты ерекшелігі, „Мәңгілік полктің„ шеруі болды, теміртаулықтар соғысқа қатысқан ардагерлердің



суреттерін көтеріп, алаңнан жүріп өтті. Сосын барлық ұжымдар мен мекемелер, қоғамдық ұйымдар өкілдері „Белгісіз солдат„

насында жайылған ақ дастарқан басында қабылдап, сый-құрмет көрсетті.

Р.ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Ерлікке тағзым

Биылғы Ұлы Жеңіс күніне арналған салтанаттың өз ерекшелігі болды, былтырдан бері қолға алынған ауқымды шара - „Мәңгілік полктың„ шеруі теміртаулықтар мен қала қонақтарының жанарына жас үйірді. Қолдарына соғыста Отан қорғаған ардагер ата-бабаларының, туыс-бауырларының жансыз бейнелерін ұстап, сап түзеген топтың қарасы көп болды. Солардың бірнешеуін әңгімеге тарттық.



- Мен бүгінгі Ұлы Жеңістің 71 жылдық мерекесіне нағашы аталарымның суреттерін алып келіп, „Мәңгілік полк„ акциясына қатыстым. Әрине, көңілім толқып, кешегі сұрапыл соғысты, ардагерлерді көз алдыма елестетіп, бүгінгі бейбіт күннің қадірін тағы бір мәрте ұққандай болдым. Себебі, мына қолымдағы үш кісі менің нағашы аталарым болады, мен нағашы атамның қолында өскендіктен, олар маған ерекше жақын,-деп әңгіме тиегін ағытты теміртаулық тұрғын

Бақытгүл Жантуова.

Өзін қаламыздағы „№11 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін„ деп таныстырған ұстаздың шынында айтары көп-ақ екен. Сонымен, бүгінгі шеруде жансыз бейнесі жарқ еткен соғыс ардагерінің аты-жөні - Сәтемиров Қапыш, ол 1898 жылы Нұра ауданы, Көбетей ауданында туған. 1942 жылдың шілде айында соғысқа алынып, Батыс Пруссияға дейін жеткен жауынгер. Жеңіс туы желбіреген жылдың тамызы айында елге оралған. Оның Мафруза, Қойшыбай,

Марфуға, Махфуза есімді ұл-қыздары мен олардан тараған ұрпақтары бар бүгінде. Ал Қапыштың туған інілері Жақыш пен Мұқатай да сол 1942 жылы майданға аттанған, сонда бір үйдің үш ұлы бірге әскерге алынып, содан тек аман келгені осы Қапыш ғана екен. Жақыш 1943 жылдың 18 ақпанында болған шайқаста ауыр жараланып, Ростов облысының Тарасовка ауданына қарасты Коюково елді мекенінде қаза тапқан. 393-ші атқыштар дивизиясының құрамында соғысқан. Артында екі ұлы мен Сапура есімді 1939 жылы туған қызы қалған екен, кейін олар да өмірден өтіпті. Үшінші жауынгер, яғни кіші ұл Мұқатай Сәтемиров 1908 жылы туған, оның хабар-ошарсыз кеткені туралы хабар келген. Кейін ұрпақтары іздеу салып, осыдан бірнеше жыл бұрын ғана оның 1942 жылдың қазан айында Витебск облысы - Суранский ауданының Галичо деревнясындағы бауырластар зиратына жерленгенін анықтапты.

- Мұндай акцияның маңызы ерекше, өскелең ұрпақ батырларды ешқашан



ұмытпайды, олардың ерліктері жастарға тәрбие болып қала береді. Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр, алдағы уақытта да бұл дәстүр жалғасын табуына сенім мол, - дейді ұстаз.

„Мәңгілік полк„ акциясына атасының суретін алып шыққан теміртаулықтың бірі Мұқатаева Ардақ, ол әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Қажыбеков Мәжит ақсақалдың суретін ұстап жүр.

- Әкемді теміртаулықтар жақсы таниды, біледі, ол кісі бар саналы ғұмырын ел-жұртты имандылыққа тәрбиелеуге арнаған адам болды. Сонау қиын кезеңдерде құрыш қалада алғашқы мұсылмандар мешітінің ашылуына ұйытқы

болып, өзі имам міндетін атқарып, ізгілік нұрын шашқан жан,-деді ол.

Иә, Мәжит ақсақалдың атына біз де қанықпыз. „Мәңгілік полк„ қатарынан ол кісінің көрінуі өте орынды. Тағы бір тұрғын өзін Ұлы Отан соғысының ардагері Мәмбетов Сақыпқалидың немересі Ахметжан мен шебересі Адина деп таныстырды.


- Менің атам Сақыпқали Батыс Қазақстан облысынан, яғни Оралдан соғысқа аттанған екен. Ол 1898 жылы Тайпақ ауданында туған, соғыс басталған жылы партиялық қызметте болып, ел басқарған екен. Өзі өтініш беріп, Отан қорғау жолына сұраныпты. Сөйтіп, 1942 жылы майданға ,

Сталинград шайқасының нағыз қызып тұрған кезінде сол ортаға түседі. Елім , Отаным деп еңіреген жалынды жан көпке бармай-ақ, сол қанды қырғында оққа ұшып, мерт болыпты. Қандай өкінішті десеңізші, бірақ біз, ұрпақтары оны үнемі мақтан тұтамыз. Өйткені мұндай ерлік, патриот болу, Отанын шексіз сүйе нағыз азаматтың, батырдың ғана қолынан келеді,- дейді майдангердің немересі Ахметжан.

Ол Теміртауда сонау 1985 жылдан бері тұрады, осындағы ВТУЗ-ды бітірген, қазір мамандығына сәйкес технолог болып „Арселор-Миттал Теміртауда„ еңбек етеді. Басында атасының хабар-ошарсыз кеткені жайында хабар алған. Бертін келе ұрпақтары іздестіріп, Ресей мұрағатына хат жолдап, аталарының Сталинград майданында қаза тапқанын анықтаған. Сондағы бауырластар зиратына жерленгенін білгенін, сонда туған жердің бір уыс топырағын алып барып, қайтыпты. Міне, батырдың ұрпақтары аталарына деген құрметін осылайша көрсетіп, бүгін „Мәңгілік полк„ акциясына суретімен шығып отыр.

Расында, ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Ұлағатты ұрпақ ардагерлер жайлы әлі талай еске алу шараларын өткізетіні анық.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Инвестиция тапшылығын жою жолдары

Нұрсұлтан Назарбаев елде жүргізіліп жатқан Бес институттық реформа дағдарысқа қарсы кешенді жоспар болып табылатынын атап өтті.

— Әлемде қазір инвестиция тапшылығы орын алып отыр, дамушы нарықтардан капиталдың кетуі байқалуда. Дамушы елдердегі инвестициялар ағынының қарқыны 20 жылда алғаш рет кері сипатқа ие болуда. Егер 2008-2014 жылдары Қазақстанға келетін тікелей инвестициялар көлемі жыл сайын орта есеппен 24 миллиард долларды құраса, былтыр ол 15 миллиард доллардан аз болды. Елдер арасында сыртқы инвестиция үшін бәсеке күшейіп, мемлекеттер инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасап жатыр, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы елдің ауыл шаруашылығы саласында 2 миллион 300 мың адам жұмыспен қамтылғанын айтты.

— Сөйте тұра, бұл салада еңбек өнімділігі төмен деңгейде қалып отыр. Отандық фермерлер бір гектар жерден орта есеппен 400 доллардың өнімін алады. Дәл осы көрсеткіш АҚШ-та 1120 долларды, Германияда — 2800, Францияда 3200 долларды құрайды. Ауыл шаруашылығы жаңа техникаға, жаңа технологияларға, суару жүйелеріне инвестиция салуға мұқтаж, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы әлем елдері шетелдік инвестиция тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатқанына назар аударды.

— Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығына салынған қаражат өзін ақтау үшін 10-15 жыл керек. Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 10 жылға, соның ішінде шетелдіктердің жалға алуы туралы заң ұзақ уақыттан бері қолданылып келеді. Алайда, бұл салаға әлі айтарлықтай инвестиция келген жоқ. Шетелдіктер 65 мың гектарда ғана жұмыс істеп жатыр, яғни, бұл жалға алынған жердің 0,06 пайызы ғана. Бірақ жоғары өнімділікті қамтамасыз етіп отыр. Жерді ұзақ мерзімге жалға беру — бүкіл дүниежүзі бойынша инвестиция тартудың амалы. Бельгия, Германия, Грекия, Нидерланд сияқты елдер шетелдік инвесторлардың жерді меншікке немесе жалға алуы мәселесіне қандай да бір шектеу қоймайды. Францияда шетелдік инвесторлар үшін жер ресурстарын жалға алудың ең ұзақ мерзімі 99 жылды құрайды. Жер кодексі нормаларын әзірлеу барысында бұл тәжірибелер ескерілді. Бірақ жерді шетел азаматтарына сату мәселесі болған емес, қазір де жоқ, — деді Қазақстан Президенті.

Ел жаңалығы

№ 06 (55) 13 мамыр 2016 жыл



Ақордада

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормаларына 2017 жылға дейін тоқтау салды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде кеңес өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кеңеске Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы ел дамуының негізгі бағыттарына, соның ішінде жер реформасына тоқталып, Үкімет қызметіне баға берді және тиісінше бірқатар шешім қабылдады.

Жаңа нормалар жұртқа жетпеді

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа нормалардың мән-жайы тиісті топтарға жеткізілмегенін атап өтті.

— Қабылданған заңның тетіктері мен нормалары жұртшылықты кеңінен қатыстыру арқылы талқыланды. Сондықтан көп жағдайда халықтың алаңдауы дұрыс. Егер қазақстандықтар қабылданған шешімге сенбейтін болса, демек, бұл — дұрыс емес деген сөз. Өйткені, бұл өзгерістер халық үшін жасалып жатыр. Қоғамда жерді жалға алу жөніндегі бірқатар заңнамалық нормаларға қатысты күмән туғанын ескеру маңызды, — деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормаларына 2017 жылға дейін тоқтау салды.

— Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастыру керек. Егер талқылаудан кейін Парламент ортақ шешімге келетін болса, мораторий алып тасталады, ал егер олай болмаса, күшінде қалады. Біз халыққа ұнамайтын заңға зәру емеспіз. Бұл ретте мораторий сақталған жағдайда ауыл шаруашылығының жағдайы нашарлауы мүмкіндігін түсіндіру қажет. Сондай-ақ, Үкімет жанынан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Б.Сағынтаевтың басшылығымен комиссия құруды тапсырамын. Комиссия барлық мүдделі органдарды және қоғамдық бірлестіктерді тартуы тиіс. Резонанс тудырған ережені кеңінен талқылап, ортақ ұстаным әзірлеп, Парламентке беру керек. «Нұр Отан» партиясына демократиялық күштер коалициясы аясында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Бұған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары қатысуы тиіс. Түсіндіру жұмыстарына Үкімет пен Парламенттің қос палатасының депутаттары белсене қатысады деп үміттенемін, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Заңдар кім үшін жазылған?

Мемлекет басшысы Қазақстанда 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны, 178 мыңнан астам шаруа және фермерлік қожалықтар, 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылық бар екеніне тоқталды.

— Олар күн ұзаққа алқапта, фермада, жайлауда еңбек етеді, сіздердің жаңалықтарыңызды күтіп, теледидар алдында отырмайды. Бірақ сіздер өз ұсыныстарыңызды әзірлеу барысында министрліктен шықпай отырып, бәрін өз араларыңызда шешесіздер. Кімнен жасырынасыздар? Сонда біздің заңдарымыз кім үшін жазылған? Ауыл шаруашылығы министрлігінің де, Ұлттық экономика министрлігінің де, әкімдіктердің

де бірінің ресми сайтында жер реформасы жөнінде қолжетімді және көрнекі ақпарат болған жоқ. Ал мұның барлығы халықтың игілігі үшін, экономиканы дамытып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін жасалып жатыр ғой, — деді Қазақстан Президенті.

Ұстанымы ұғынықты болмады

Нұрсұлтан Назарбаев Жер кодексі жөніндегі жұмысқа жауапты екі мемлекеттік органның — Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің өз міндетін тиісінше атқара алмағанына назар аударды.

— Бұл министрліктердің жұмысы нашар дей алмаймын. Бірақ өздерінің ұстанымы елдің бәріне ұғынықты болып, дұрыс қабылдануы үшін түсіндіру жұмыстарымен айналысқан жоқ.

Қазақстан Президенті Ұлттық экономика министрі Е.Досаевтың қызметінде жіберілген кемшіліктерге байланысты отставкаға кету туралы өтінішін қабылдады. Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбековтің қызметіне сөйкестігі толық деңгейде емес екенін жария етті. Ұлттық экономика вице-министрі Қ.Өскенбаевтың қызметінен босатуды, Ұлттық экономика министрлігінің салалық комитетінің басшы қызметкерлері мен басқа да жауапты адамдардың қызметіне сөйкестігі туралы мәселені қарауды тапсырды. Сондай-ақ, Үкіметке жер қатынастарын реттеу бағытындағы салалық функцияларды Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру жөнінде тапсырылды.

Ақпарат саласының жаңа міндеттері

Мемлекет басшысы ақпараттық саясат мәселесін де қозғады.

— Бүгінде бұл функциялар бейінді емес министрліктің құзырында. Үкіметте бұл саланы ешкім үйлестірмейді, мемлекеттің ақпараттық саясатқа бөлетін қаражатын ешкім бақыламайды. Сондықтан қазіргі ақпараттық сын-қатерлерді еңсеру үшін, Бес институттық реформаның барысын тиімді қолдау үшін өкілетті орган — Ақпарат және коммуникациялар министрлігін құруды тапсырамын, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл ведомствоға мынадай маңызды міндеттерді жүктеуді ұсынды. Атап айтқанда, мейлінше өткір мәселелерді жедел анықтау және әрекет ету мақсатымен кез келген меншік формасының, соның ішінде интернет ресурстар мен әлеуметтік желілердің ақпараттық кеңістігін мониторингтеу; барынша өзекті тақырыптар мен мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерттеу, халықтың ақпараттық сауалдары мен тілек-қалауын талдау және болжау; мемлекеттік ақпарат саясатын әзірлеу; барлық

Ел Президенті Жер кодексіне түзетулерге мораторий жариялады



мемлекеттік органның ақпараттық қызметі мен белсенділігін үйлестіру және бақылау; мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды жо-спарлау және мемлекет бөлген қаражаттың тиімділігін талдау; отандық БАҚ-тарды экономиканың қазіргі заманғы сегменті ретінде дамыту үшін инвестиция және инновация тарту; электронды және баспасөз кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін отандық ақпараттық өнімдердің сапасын арттыру; дағдарыстық коммуникациялардың барынша пәрменді моделін құру; халықпен, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл арна-ларын қамтамасыз ету.

Бұл ретте, жаңа органды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, қаражат бөлу және оған барлық міндетті жүзеге асыру үшін айрықша өкілеттік беру тапсырылды.

Талқылау және үнқатысу тетіктері

Қазақстан Президенті ел дамуының өзге де негізгі мәселелеріне тоқталды.

— Міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге қатысты жұрттың күмән-күдігі бар екенін білемін. Сондықтан Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі бұл мәселе бойынша іс-әрекеттің жол картасын әзірлеуі тиіс. Бұл реформа барлық қазақстандықтарға қатысты, сондықтан оған ықылас жоғары болады. Білім және ғылым министрлігінің орта мектептердегі оқу жылын ұзарту, үш тілде білім беруге көшу мерзімі туралы мәлімдемелеріне қатысты да жұрттың сұрақтары бар екенін білемін. Үкімет бұл ретте дәстүрлі тамыз мәслихаттарына пайдалана отырып, қоғамдық пікірге мұқият зерттеу жүргізуі керек. Туындап отырған мәселелерді талқылау және шешу үшін осы мәселелердің барлығына жаңа үнқатысу тетіктерін — Қоғамдық кеңестерді белсенді түрде қатыстыру керек. Олар мемлекеттік органдардың шылауында қалмауы керек, оларда өткен пікірталастар БАҚ-тар мен жұртшылық үшін ашық болуға тиіс. Әрбір министр мен әкімге реформалардың барлық бағыты бойынша қоғамдағы көзқарасты өз құзыреті шеңберінде мұқият талдаудан өткізуді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бастамаларының мұқият түсіндірілуі маңызды екенін айтты.

— Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына қарай жылжып, әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына ұмтылып отырғанымызды айтып жатырмыз. Бұл елдерде тағы бір ең басты стандарт бар, ол — Үкіметтің және оның мүшелерінің қоғам үшін күнделікті ашықтығы. Онда министрлер барлық туындаған мәселелерге қатысты әрдайым жедел пікір білдіріп отырады. Ал бізде ше? Ақпараттық жұмыс тек

журналистер алдына брифингке шығып, қағазда жазылғанды оқып беруден ғана тұрмайды. Біздің министрлер тіпті брифингтерде де журналистерден қашқақтап, қарапайым сауалдарға жауап бермейді. Қазіргі кезде біз министрліктерді қандайда бір саладағы саясатты айқындайтын органдарға айналдырдық. Саясаткер жұртпен тілдесуге, өз ұстанымын түсіндіруге, қоғамның сеніміне ие болуға тиіс. Халықпен, ең алдымен жаңа заңдарды қолданатын жұртпен кездесу керек, — деді Қазақстан Президенті.

Ресурс іске қосылсын!

Мемлекет басшысы тек бірінші тоқсанның өзінде қазақстандықтар «Электрондық Үкімет» порталы арқылы 1 млн. 200 мыңнан астам мемлекеттік қызметтерге қол жеткізгенін атап өтті.

— «Электрондық Үкімет» бірыңғай байланыс орталығына күн сайын 700 қызмет түріне қатысты 20 мыңнан астам сұрақ түседі. Бұл ресурс неге іске қосылмаған? Онлайн режимінде бірде-бір түсіндірме немесе кеңес болған жоқ. Халық сауал қоя бастаған кезде ғана «ояндындар». Жұртқа барлық нормаларды, оларды қалай қолдануды, кімге жүгінуді түсіндіру үшін Үкімет жанынан бірыңғай колл-орталық — «қызу желі» құруды тапсырамын. Бірде-бір сұраққа біліктілікпен жауап берілмей қалмауы үшін жауапты адамдарды да бекітіндер. Бұл өңірлерге де қатысты, олардың әрқайсысында осындай кеңес беру орталықтары жұмыс істейтін болсын, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Тұрақтылығымызға сызат түспесін

Соңында Қазақстан Президенті әлемдік дағдарыс біздің елдің дамуына да әсерін тигізгеніне назар аударды.

— Одан зардап шегіп, жұмысынан немесе табысының біраз бөлігінен айырылған көптеген адамдардың бар екенін білеміз. Мұндай жандар кез келген қоғамда бар. Барлық қазақстандықтарға қырағы болу қажеттігін, тұрақтылығымыз бен бір-бірімізге деген сый-құрметімізге сызат түсуіне жол бермеу керектігін ескерткім келеді. Өз тарапымынан айтарым, біз ешкімнің ортақ шаңырағымыздағы татулық пен тұрақтылықты бұзу үшін дағдарысты пайдалануына жол бермейміз. Құқықтық тәртіпті бұзған әрбір адам заңның қатаң талабына сай жауап береді. Қоғамдағы тыныштықты нығайту — әрбір азаматтың, барлық қоғамдық ұйымның, барша қазақстандықтардың ісі, — деді Мемлекет басшысы.

Шара барысында елдің бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жөнінде Премьер-Министр К.Мәсімов сөз сөйледі.



Көкейкесті



Бейсен АМАНЖОЛОВ,
зейнеткер, заң саласы ардагері

Соңғы уақытта ел ішін дүрліктірген әңгімелер жерге байланысты болып отыр. Шынында да қазақ үшін жер кеудесіндегі жанымен бірдей қымбат нәрсе. Сондықтан бұл мәселеге пікір қосып азаматтық ұстанымымды білдіруді жөн деп білемін.

Шетелдіктерге жерді жалға беру дұрыс емес, ал сату деген сөз мүлде ауызға алынбауы керек. Жер Қазақстан азаматтарының өзіне де сатылмай тек уақытша пайдалануға берілуі тиіс. Қазір Қазақстан азаматтығын алу қиын емес,

Сату деген ауызға алынбасын

шетелдік тілек білдірсе біршама уақыт өткен соң біздің елдің азаматтығын ала алады. Осылайша Жириновский сияқтылар бос жатқан жердің бәрін сатып алып, күні ертең оны Ресейдің автономиясы деп жариялауы әбден мүмкін. Бұл жағдай БҰҰ-ның ережесіне сәйкес келеді. Қазір Молдовияда Тирасполь өлкесі дәл осындай жолмен бөлініп алды емес пе? Талай жылдар бойы талас тудырған Қарабақтың тарихы да осындай.

Халқымыздың тарихында бұрын-соңды жер жалдау, сату деген мәселе болмаған. Қандай қиындық заманның өзінде әрісін айтпай, бергі 550 жыл хандық құрған бабаларымыз бір метр жерді де сатуды ойламаған екен. Өйткені жер жаугершілікте найзамен, қылышпен ат үстінде түн қатып жүріп қорғалған байлығымыз. Ата-бабаларымыз қазақтың жерін тұтас сақтау үшін, жоңғардан құтқару үшін өз еркімен Ресейге қосылды, автономиялық еркіндік, өзін-өзі басқару, жерді толық сақтау ықтиярлығына қол жетті.

Қазір Тәуелсіздік алып егемен ел


Тарихтан сабақ алайық

тиетін нәрсе екенін мына бір мысалдан көруге болады. Оғыз қағандығы кезінде Мөде қаған Қытай патшалығымен көрші болған, әрине шұрайлы жайылымға, байтақ жерге кім қызықпайды, сөйтіп күндердің күнінде Қытай патшасы Мөденің тұлпар атын сұратып елші жіберген екен, хан ойласып, кеңесіп жанжалды болдырмау үшін атын беріп жібереді. Енді қытайлық келесі кезекте Мөденің ең сұлу әйелін сұратады. Халықтың тыныштығын ойлаған қаған кісі өлімі болмасын, ел арасы тыныш болсын деген ниетпен сұрағанын береді. Қытай ханы бұған таңдана да тиісудің амалын тоқтатпайды. Сөйтіп екі арадағы бос жатқан жерді сұратады. Сонда ол халықпен ақылдасып:

– Қытай бос жерді сұрап жатыр, не істейміз, – деп ақылдасады екен. Сонда біреулері: – біз ол жерді пайдаланып жатқан жоқпыз ғой, берсек те болады, – дейді.

– Жоқ, жерді беруге болмайды мен өзімнің жеке меншігімдегі атымды бердім, аяулы әйелімді бердім, бұл халықтың қаны төгілмесін деген бейбітшіл ойым еді, бірақ жер менің меншігім емес, ол халықтыкі сондықтан біз қолға қару алып соғысамыз, жер үшін жан пида, – деп атқан қонған екен Мөде хан. Бұл әңгіме жердің нағыз ұлт намысы екенін көрсетеді. Жерді өзіміздің жергілікті азаматтарға жалға беруге болады, тіпті тегін берсе халықты арзан, әрі таза азық-түлікпен қамтамасыз етіп пайда келтіреді. Соның өзінде шаруашылықты ойдағыдай өркендете алса 3 не 5 жылға берген дұрыс. Осы мерзімде тиісті міндеттерін орындамаса жер мемлекет иелігіне қайтарылуы керек. Бос жатқан жерлер баршылық, оны өркендетуге, игілікке айналдыруға қаржы керек. Қаражаттың бір бөлігі бюджеттен бөлінсе, бір бөлігін жеке адамдар ұйымдасып, жиналып қосылса жерді, жайылымдықты игеріп мал өсіріп, егін егіп елдің берекесін кіргізуге болады. Бұл қолдан келмейтін жұмыс емес. Халқымыз ежелден жерге жақын, төрт түліктің тілін біледі, бабын табады.

болып еңсемізді енді көтере бастаған шақты қазақтың жері қаншалықты ұланғайыр болғанымен оның бір қадамы да жат жерліктің табанына басылмауы, иелігіне өтпеуі, сатылмауы керек. Жерді нарық айналымына қосудың басқа жолдары бар, соны іздестірген жөн. Мәселен жерден пайда табу үшін жер салығын өсіріп, жергілікті халыққа жалға беріп жанашырлық таныту қажет. Жер мәселесі қай елде болмасын айтылып жүр. Экономикалық қиындықтар кезінде жалға беру, сату мәселесін оңтайлы жолдармен шеше алған мемлекеттер әлем тарихында аз емес. Біздің ғалымдар, ауылшаруашылық мамандары осындай нәрселерді ойластырып ұлттың түбегейлі мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешімге келеді деп сенеміз. Жаһандану жетті, нарық келді деп аталардың ұрпағына аманаттаған жерін шетелдікке жалға беру бұл мәселені түбегейлі шешудің жолы емес. Мен ұзақ жыл заң, құқық қорғау саласында еңбек еткен тәжірибелі маман ретінде, халқымның ардагер азаматы ретінде шетелдіктерге жер беруге мүлде қарсымын.



Шаруалар ұжымдасса деп ойлаймын



Сәбит ТОҒАМБЕКОВ,
еңбек ардагері

Жер – мемлекет иелігіндегі халық байлығы. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемдегі ең аумақты елдер санатында, 9-шы орында тұр. Осыншама ұлан байтақ жер нағыз алтыннан да қымбат байлығымыз деп бағалаймыз, оның қойнауында неше түрлі бағалы көмір, темір, мұнай сияқты пайдалы қазбалар жетерлік Менделеев таблицасындағы барлық элементтер қазақ жерінің топырағында көміліп жатыр, оның игілігін көріп те келеміз. Жердің бетінде құнарлы азық өсіріп, төрт түлікті түлетіп шалқып отырған қазақтай бақытты халық бар ма екен деп мақтанамыз. Бұл заңды да. Өйткені біз жерді өзіміздің ең аяулы жанымыз анамызбен теңестіреміз. Міне осындай байлықты басқа біреулерге сату немесе ұзақ мерзімді жалға беру деген сөз қарапайым халықтың көкейіне қонар емес. Жерді кім алса да бір меншіктегеннен кейін оны тек өз мүддесіне, өз пайдасына жаратады. Мұны тарихтан білеміз. Кезінде Ресей қиыр шығыстағы Алясканы алыссынып Америкаға жалға берді, кейін соны қайтарып ала алмай айырылып қалды. Ал қазір 20 миллион күрд халқы неге босып жүр, олар да жерін шетелге жалға берген, ақшасын алып пайдаға асырамыз, байымыз деген ниетте болса керек, бірақ уақыт өте келе алған қарыздарын өтей алмай кепілдікке қойған жерлері шетелдіктердің меншігіне өтіп кетті. Ал кішкене ғана жерді сатып алып көлемін көбейткен Израиль қазір Палестинаға оқ жаудырып іргесіндегі жауға айналды. Сондықтан осындай мысалдарды көре отырып шетелдікке жер беру мүлде қисынға келмейтін іс.

Рас қазақтың жері бай, мұны айналымға қосып кәдеге жаратып халықтың игілігіне айналдыру ізгілікті іс екені мәлім. Бірақ сол ауылшаруашылығы, мал өсіру, егін егу өз қолымыздан да келеді, тек мықты ұйымдастыру, еңбекқорлық керек. Еңбексіз ештеңе де болмады, бейнетсіз зейнет жоқ. Кеңес үкіметі кезінде жақсы ойластырылған

шаруашылық жүйесі болды. Қазір де осыны түрі басқаша болса да бір ретке келтіріп ауылды көркейтіп малдың басын өсіріп, егінді молайтып байлықты еселеуге болар еді. Бүгінде кейбір жерлер жалға берілгенін білеміз. Біздің Қарқаралы аймағында жекеге жалға берілген ондай жерлер тек шөбін шауып, малға азық етуге пайдаланылып жүр. Әйтеуір абырой болғанда елдің арасында туысқандық, бауырмалдық сыйластық бар, сондықтан талас-тартыс жоқ, бәрі де – жалға алған да, алмаған да кең далаға сыйысып, кезектесіп малын бағып күн көріс жасауда. Егер қарқынды түрде сатылып, не жалға беріліп кетсе кей аймақтардағыдай дау-дамай талас-тартыс болып жатса ел іші бүлінеді емес пе. Қазір шынын айтсақ ауылдың жәйі мәз емес, жұмыссыздық белең алды, кейбір қыстақтар шағын ауылдар, бөлімшелер қаңырап бос қалды. Бұл да нарық заманының бір көкейкесті мәселесі. Сондықтан менің пікірім ауылдарда бұрынғыдай кеңес үкіметі кезіндегідей ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастыру керек. Жалғыз жарым шаруалар көп мал ұстай алмайды, біріккенде ғана тындырымды іс атқаруға болады. Бүгінгі таңда Елбасы жер кодексіндегі өзгерістерге мораторий жариялап, әлі де ойласып келісімге келуге уақыт беріп отыр. Сондықтан жер мәселесін түбегейлі, әрі халықтың ойлағанындай етіп шешу, оған атсалысу, ғылыми тәжірибеге сүйену, ата-баба дәстүрін ардақтау абыройлы парыз деп білемін.


Бетті дайындаған
Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Әбдірахман СЕРІКБАЙҰЛЫ,
білім беру саласының ардагері

Қазақтың кең байтақ даласы, кеніштерге бай жері бар. Бұл жер бізге ата-бабаларымыздан мұра болып қалған тарихтың тереңіне үңілсек осы ұланғайыр жерді қорғап, оның тұтастығын сақтау оңайға түспеген. Қай заманда да қазақтың жеріне қызығып көз алартушылар көп болған, бірақ ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жаумен алысып жүріп оны қорғады. Бір сүйем жерді бермеді, ешкімді басындырмады. Өйткені жер халықтың байлығы, жер болмаса ел де болмайды. Біз де сол әдемі дәстүрімізді, отансүйгіштігімізді жалғастырып жерімізді сақтап, аталардың аманатын келер ұрпаққа аман-есен табыстауымыз керек. Жер Кодексіне өзгеріс енгізіліп, оны ұзақ мерзімді жалға беру айтылғалы елден тыныштық кетті. Бірақ бақытымызға орай Елбасы Н.Назарбаев халықтың үніне құлақ түріп жаңа жылға дейін мораторий жариялады. Осы уақытта халық болып, ел болып ақылдасып бұл мәселені түпкілікті шешіп алуымыз керек. Менің пікірім жерді сатуды мүлде құптамаймын, ал шетелдіктерге жалға беруге де болмайды. Өйткені 25 жыл ішінде оны бүлдіріп, улап, шөп шықпас, мал жайылмас етіп тастайды. Ол жерлерге шетелдіктер келіп тұрады. Сөйтіп жергілікті тұрғындармен араласып, салт-дәстүрімізден, онсыз да оңбай жатқан тілімізден алшақтатады.

Жерді басқаға беру ұлттың намысына



Бәрекелді!

„Өнер тамған он саусақ - үзілмейтін ырысың,, дейді дана халқымыз. Жөн сөз, өнерді сүйіп, оны жанына серік еткен қаламыздың тұрғыны, небәрі он алты жастағы жасөспірімнің алар асуы әлі алда. Ол бүгіннің өзінде таудай талабымен, шарықтаған қиялымен, үздіксіз ізденісімен хас шеберлердің жоғары бағасын алып, болашағынан үлкен үміт күттіріп жүр. Сонымен біздің кейіпкерімізбен таныс болыңыздар, аты-жөні Мәлика Жұмаділова.

визажистер мен қолданбалы өнердің майталмандарын жинап, олар өзара бақ сынасқан болатын. Тағы бір айта кететін

маңызы ерекше, көп нәрсе үйрендім, әлі де үйренерім көп. Менің талабымды ұштап, жанымда болған отбасыма ай-

Өнерлі бала елдің көркі



Теміртау жұртшылығы оның атасы Ермек ақсақалды жақсы біледі, сыйлап, құрмет тұтады. Қарт дәрігер жар-ты ғасырға жуық денсаулық сақтау саласында жемісті еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған жан. Ал қаламыздағы Т.Әубәкіров гимназиясында оқитын Мәлика былтыр аймақтық „Жібек жіп,, байқауында оза шауып, өзінің қолынан шыққан тігісі жатық, нағыз „қыздың жиған жүгіндей,, қарасаң көз тоймайтын сәнді бұйымдарымен жүлдені жеңіп алған болатын. Ал биыл „Gold Inside,, топтамасымен талғамы биік қазылар алқасының таңдайын қақтырды. Осылайша ол Астана жұртшылығының алғысына бөленді.

Шынтауайтына келгенде, бұл тек астаналықтардың ғана емес, әлем назарын аударған сән әлеміндегі елеулі оқиға болатын. „Designer Fashion House International,, деп аталатын бұл конкурс еліміздің түкпір-түкпіріндегі белгілі дизайнерлерді және

ерекшелік, осы конкурстың бас төрешісі, аты әлемге әйгілі Пьер Карденнің жиені әрі оның ізбасары Родриго Базиликадтың болғандығы.

- Бұл байқаудың барысында әуелі кастинг өтті, одан таңдалғандар Пьер Карденнің топтамасын көрсету мәртебесіне ие болды. Ал кастингтен соң шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, франциялық шебер сән әлемінің құпияларымен бөлісті, - дейді байқауға қатысушылар.

Дизайнерлер жайында айтқанда, біздің жерлесіміз Мәлика Жұмаділованың жұлдызы жанғанын атап айтуымыз керек. Өйткені, ол жас дизайнерлер арасында топтан озып, дараланды, оның киім үлгілері қазылар алқасының көңілінен шықты. Атақты Родриго Базиликад Мәликаның қиыннан қиыстыра білген тапқырлығына риза болып, арнайы шеберлік сабағын берді. Бұл екінің бірінің қолы жете бермейтін үлкен табыс.

- Мен үшін бұл конкурстың

тар алғысым шексіз. Сонымен қатар мені баулып, бойымдағы талантымды ұштаған ұстазым Евгения Енге мың алғыс. Енді мен болашақта осы мамандық иесі болуға бел будым, -дейді жас дизайнер.

Осылайша, Астанада өткен конкурста сән әлемінің екі бірдей жүлдесін қоржынға салған Мәлика Жұмаділова алдағы уақытта өтетін талланттар форумына жолдама алды. Оның қолынан шыққан алтын түстес былғарыдан тігілген озық үлгілері және толықтырылған аксессуарлары алдағы маусым айында Алматыға жол тартады.

Сабағын жақсы оқып, үй шаруасына да қолғабыс беретін, соған қарамастан бос уақыт тауып, сән әлемінің есігін айқара ашқан жасөспірімге біз де жеңістер мен табыстар тілейміз. Мәликаның жұлдызы жана берсін демекпіз.

Руза АЛДАШЕВА



Жазылған жайға пікірлер

Асылдарымызды ардақтай білейік

Мен қаланың байырғы тұрғынымын, қазір зейнетте болсам да, Теміртаудың күнделікті тыныс-тіршілігін қалт жібермей, үнемі ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде ана тілімізде шығатын жалғыз қазақ газеті - „Құрыш қала KZ,, арқылы оқып, біліп отырамын. Газеттің өткен аптадағы санында жарияланған Нариман Ишмухамбетов туралы мақаланы оқып, үнсіз қалуды жөн көрмедім. Расында, қаламыздағы Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетіне ол кісінің атын беру өте орынды ұсыныс деп есептеймін. Сөз реті келгенде Нариман Қуанышқалиұлы туралы ыстық ықыласымды білдірсем деп қолыма қалам алдым.

Отағасым, марқұм Мұқаң (Мұқатай Әмірханов) Теміртауға жолдамамен жас маман болып сол кісімен қатар 1954-ші жылы келген, содан бері жақсы араластық. Өте білімді, қарапайым, қамқор адам болатын. Ол кісі ректор болған жылдары аталған оқу орнына көптеген қазақтың қарадомалақтары оқуға түсіп, металлургия саласының майталман мамандары болып шықты. Бүгінде сол азаматтар жиналған жерлерді сол көрген жақсылықтарын айтып отырады.

Мен отбасымен, марқұм әйелі Шолпанмен жақсы араластым, отбасымыз үнемі жиын-тойларда бірге болдық. Бір күні Шолпан келіп:

- Дүкенде келісі 1 сом 05 тиыннан еті жоқ сүйек, яғни сорпа қайнататын сүйек сатып жатыр екен, тезірек барып, кезекке тұрайық,-деді.

Сол кезде мұндайды алу үшін сағаттап кезекке тұратынбыз. Мұны айтып отырғаным, ол кісілердің өте қарапайымдылығының көрінісі бұл, өйткені жұртшылықпен тең дәрежеде жүретін.

Ұзын сөздің қысқасы, бұл бастаманы қос қолымды көтеріп қолдаймын, Алла жар болып, асылдарымыз ардақтала берсін.

Гүлбахрам ӘЛМЕНҚЫЗЫ,
қала тұрғыны,

Ұлтжанды азамат еді

Нариман Ишмухамедовтың атын ұлықтау азаматтарға аманат деп білемін, бұл бір жағынан ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге өнеге де болмақ. «Сабақтты ине сәтімен» дегендей сәті түсіп тұрған имандылық бастаманы қолдап бас көтерер азаматтарға ризашылығымды жеткізім келеді. Мен Нариман ағаның қол астында оншақты жыл қызмет атқардым. Ертерек өмірден өткен зайыбы Шолпанмен достас, дәмдес тіпті сырлас та болдым. Қаламызда болып жатқан бұл жаңалықтан тыс қалмай ардақты ағаның көзін көрген, жақсылығын сезген адамдар қатарында өзімнің шынайы ықылас ниетімді қосқым келеді. Ол кісі рухани бай, кең пейіл, терең білімді, еңбекқор, сонымен бірге аса қарапайым жан еді. Өзім де, балам Бейбітбек Әнуарбекұлы да осы қаламыздағы жоғарғы оқу орны – сол кездегі ВТУЗ-дан білім алдық. Ұлым сол білімнің нәтижесінде күні бүгінге дейін металлургия болып еңбек етуде.

Нариман аға үлкенді де, кішіні де бірдей сыйлайтын, қызметі төмен деп ешкімді де өзінен кейінгі қатарда санамайтын аса бауырмал жан еді. Жәй сыйласып қана қоймай әр адамның көңіл-күйіне де мән беріп, қандай да бір мәселелер туындаса соған жан-тәнімен беріле араласатын. Бірде қарама-қарсы келе жатқан аға-жеңгейге сәлемдеспей өтсем керек, байқамай қалыппын, сөйтсем ол кісі қасындағы жұбайына мені шақыртып алып: «Қалқам не болды, кім ренжітті» деп мән-жәйді тәптіштеп сұрап жатыр. Мен өзімнің осы оғаш қылығыма қатты ұялдым, «байқамай қалдым» деп айтудың өзі ұят. Басқа біреулер болса «мынау амандаспады ғой, жарайды, мен де амандаспайын» деп жүрегіне реніш түйіп өтер еді, ал ол кісі әдейі тоқтап, алтын уақытын бөліп мән-жәйді сұрастырды. Не деген кішіпейілділік десеңізші. Ол кісі ректор, мен болсам қарапайым қол астындағы қызметкер, мәртебеіміз мүлде екі бөлек. «Ұлық болсаң кішік бол» деген осы екен-ау.

Кеңес үкіметі тарап Тәуелсіздік алғаннан кейін орыс мектептері қазақша білетін қызметте жүрген кісілерді жинап қазақ тілі пәнін жүргізуге таланданды. Өйткені мұғалімдер жетіспейтін. Сол тұста балалармен жұмыс істеу аса қиын болды, қазақ тілін оқып үйренуге аса құлық қоймады. Осындай қиындықтарға байланысты мен сабақ беруден бас тартып, бұрынғы жұмысыма қайта оралғым келді. Бұл жағдайды Нариман ағамен ақылдасқан едім. Сонда ол кісі: «Тіл мәселесі мемлекеттік деңгейде шешілетін үлкен проблема, сондықтан арнайы білім, тәжірибе қажет. Егер бұрынғы орнына келем десең еш қарсылық жоқ» деп түсіністікпен қабылдады.

Н.Ишмухамедов ағамыз «Өмір деген күрес» деп жиі айтып отыратын. Өзі де қоғамға, қызмет ортасына серпіліс әкелген күрескер тұлға болды, талай қазақ жастарын жалтақсыз қорғады, бұл жолда кедергілер мен қақтығыстарға кезікті. Бірақ қиындықтардың бәрін жеңе білді. Нариман Ишмухамедов есімі оны білетіндердің есінде ұзақ уақыт сақталады. Өйткені ол өте халқын, өз жұмысын сүйген барлық адамдық қасиеттерді бойына жинаған ұлы тұлға. Теміртаудағы азаматтардың бастамалары, ұсыныстары қабыл болып жүзеге асуын қолдаймын.

Күлғайша ІЛДЕБАЕВА,
қала тұрғыны



Біле жүріңіз

Георгиев лентасы - зұлымдықтың нышаны

„Ресей ақыл-есінен адасты! Бір кезде „халықтар түрмесі„атанып, Азияны аяғына таптаған тұсын қайта есіне түсіріп, қанды омырауына георгиев лентасын қайта тағып алды! Екінші дүние жүзілік қырғында Еуропаны фашизмнен азат еткен Ұлы Жеңіс күні омырауында мұндай пәлекет жоқ еді. „Зұлымдық империясын„, аңсаған кара пиғыл қайта тірілгелі жатыр!„, деп жазыпты Серік Аксұңқарұлы. Ал біздің теміртаулық оқырмандар осы георгиев лентасы жайында не біледі? Бұл жөнінде былтыр халықаралық „Түркістан„, газетінде жарық көрген макаланы жариялап отырмыз. Өйткені, биылғы Жеңіс мерекесінде біздің қаламыздың бірқатар тұрғындары, тіпті ардагерлер де кейделеріне осы лентаны тақты, ал Теміртаудың көшелері осы лентамен безендірілді. Мұның ақ-қарасын таразылауды ойлы оқырманның өз еркіне қалдырдық.

Редакциядан




бұлай жасаудың дұрыс еместігін, сол себепті қандай бір төлем төлеуден бас тартатындығын мәлімдеді. Сонымен бірге кітап авторы Питер Лонгрич жеке адамдар маңызды тарихи құжаттарға жеке тұлғаның иелік етуіне болмайтынын айтты.

Дегенмен Берлиндегі БИ-би-си тілшісі Дэмиан Макгиннес айтуынша баспа мен кітап авторының мәлімдемесін юристер «моральдық тұрғыдан авторлық құқыққа нұқсан келтіру болуы мүмкін» деп санайды екен.

Алайда қазақтың «Өспейтін бала өнбейтін дауды даулайды» дегеніндей, Екінші дүниежүзілік

бейнелейтін бұл лента қасиетті Георгиев ордені, ерекше әскери ордендер мен Георгиев крестінің орнына да жүрген. Сондай-ақ бұл лентаға 1854-1855 жылдардағы Севастополь қорғанысы мен Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ерлік жасаған Ресей империясының сарбаздары мен офицерлері қол жеткізген.

Одан кейінгі дәуірде 1896 жылы 14 шілдеде П. Николай патшаның бұйрығымен осы лента пайдаланылған «За походы в Средней Азии 1853-1895» атты әскери медаль жасалып, ол Орыс патшалығының Орталық Азия елдеріне жасалған басқыншылық соғыстарында көзге түскендер марапатталған. Күмістен және қоладан бұл медальға Орталық Азия жорығына қатысқан 30 мыңнан аса адам ие болған. Сол сияқты осы пішінде «За Хиванский поход», «За покорение Ханства Кокандского», «За взятие штурмом Геок-Тепе» деген ме-



тасы қоңырқай сары және кара түстен құралса, «Данк» орденіне пайдаланылған лента екі түстен: сары және кара түстен тұрды, айырмашылығы – мұнда ашық сары түс қолданылған. Солайша бір кездегі империялық белгі ішінара «халықтар достығының отаны» болған социалистік мемлекетте де дәріптелді.

Міне, осы деректер мен дәйектерге қарап қазіргі Ресейден өзге елдердің Георгиев лентасының өз жерінде насихатталуына қарсылығын түсінуге болады.

Соңғы жылдарда біздің елімізде бұл ленталар Жеңіс күні қарсаңында таратылып, оны тағып жүрушілер пайда болғандықтан қоғам белсенділері бұл жайға алаңдап, БАҚ беттері мен әлеуметтік желілерде түсінік жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде елімізде басқыншылықты еске салып тұратын Георгиев лентасына тарихты құрметтеу белгісі ретінде қарау – тәуелсіз елдің саяси мүддесіне сай келмейтіндігін көпшілік түсіне бастады. Осыдан соң Ұлы жеңіске және Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен өз жерлестеріне құрмет белгісі ретінде Қазақстанның өз лентасы жасалып шықты. Ол лента мемлекеттің туымыз түрімен бірдей көк түсті. Ұлттық ою-өрнекпен безендірілген. Айта кету керек, бұдан алдын Георгиев лентасын таратуда және тағуда Қырғызстан, Өзбекстанда және Белоруссияда тиым салынған болатын. Өзбекстанда 9 мамыр – марқұмдарды еске алу күні ретінде белгіленіп, бұл күні олар өмірден жақындарының басына барып дұға оқытады, сондықтан олар үшін лента тағуды мәні жоқ. Ал қырғыздар мен белорустар Ұлы жеңістің символы ретінде өздерінің мемлекеттік туында қолданылған қызыл, сары жолақтан, қызыл және көк түстен құралған ленталарын шығарды.

Ал, бұл нені білдіреді? Бұл – өрекендер тарапынан тықпаланған «ерліктің символы» – Георгиев лентасы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Белоруссия, Қырғызстан, Қазақстан сияқты елдердің Ресейге деген құрметіне сызат түскенін білдіреді. Сондықтан Ресей қаншама қуатты ел болса да өзгелерге деген өктем көзқарасынан арылуы керек. Себебі «Тең атаның баласы теңдікке көнсе де, кемдікке көнбейді».

Ахмет ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ

Нацистер насихатшысының мұрагері дәйексөз үшін ақы талап етуде

неміс тарихшысы, профессор Питер Лонгрич Гитлер тұсындағы нацистер насихат министрінің өмір жолы туралы кітап бастырып шығарып, америкалық Random House баспасынан шыққан бұл кітапта Й.Геббельстің күнделігінен көптеген дәйексөздер алынған болатын. Аталмыш кітапты шығарушылар биылғы жылдың соңына дейін авторлық құқыққа ие екен. Енді келіп гитлерлік Германия тұсындағы тағы бір нацистер министрі (Нюнберг процесінде сотталғандар қатарында болып, соңынан толық ақталған) Ялмара Шахттың қызы, Геббельстің күнделіктерінің иесі саналатын Кордула Шахт кітапты шығарушы Random House баспасынан өз меншігі саналатын жазбалардан көптеген дәйексөздер алынғандығы үшін баспадан қаламақы төлеуін талап етіп сотқа шағым түсірген. Random House баспасы басшылығы алғашында кітаптан түскен жалпы пайданың 1 пайызын төлеуге келіскенімен, соңынан моральдық тұрғыдан

соғыс қылмыскерінің жазбалары үшін ақы талап етіп отырған адамның әрекеті – соғыстың зардабын тартқан елдердің ашу-ыза-сын тудыруы әбден ықтимал.

Бұрынғы одақтастар Георгиев лентасынан бас тартуда

Соңғы кезде қоғам тарапынан наразылыққа ұшыраған мәселенің бірі – еліміз аумағында Георгиев лентасының дәріптелуі болып отыр. Наразылықтың себебі – бұл лента өзге халықтарға 18-20 ғасырлар аралығында басқыншылық саясатын жүргізіп, көптеген елдерді жаулаған орыс империясының символы екендігінде.

Қоғам наразылығының себебін түсіну үшін алдымен бұл лентаның тарихын білуіміз керек. Георгиев лентасы 1769 жылдың 26 қарашасында дүниеге. Онымен орыс-түрік соғысы тұсында Ресей империясына шексіз берілгендіктің үлгісін көрсетіп, сол жолда батылдық танытып, ерлік жасағандарды марапаттаған. Үш кара, екі сары жолақтан тұратын, түгін мен отты

дальдар жасалып, олар да бүгінгі Өзбекстан жеріндегі Хиуа, Қокан хандықтарына, Түркменстан жерінде Гөк Тепе аймағына жасалған патшалық Ресей жорықтарының қатысушыларына берілген.

Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында 1943 жылы 8 қарашада СССР Қарулы күштері президиумының «I, II, III Данк орденін жасау» туралы жарлығы шығып, ол орденмен жеке ерлік көрсеткен Қызыл армияның қатардағы әскерлері мен сержанттары, әскери авиацияның кіші лейтенант шеніндегі офицерлерін марапаттау көзделді. Сондықтан ол жауынгерлер тобына, тұтас әскери құрамаларға берілмеді. Сонымен бірге бұл орденнің үш дәрежесімен де марапатталған адамдардың дәрежесі – Кеңестер Одағының батыры дәрежесімен бірдей болды. Бұл орденнің толық дәрежесіне 2672 адам ие болды. Бірақ айбынды елдің белгілі ордендерінің жасалуында да Георгиев лентасына ұқсас түстер пайдаланылды. Яғни, Георгиев лен-



Жарайсың!

Бүгін бірінші орта салмақта бақ сынайтын қазақстандық кәсіпқой боксшы Қанат Ислам шаршы алаңдағы кезекті жеңісіне қол жеткізді. АҚШ-тың Лейкленд қаласында өткен бокс кешінде ол колумбиялық Хуан Де Анхельмен кездесіп, 6-раундта қарсыласынан техникалық нокаутпен басым түсті.

Жекпе-жектің алғашқы секундтарынан бастап алға ұмтылған отандасымыз бірінші раундтың өзінде бірнеше жойқын соққы жұмсап үлгерді. Дегенмен, қарсыласы Қанаттың шабуылына лайықты тойтарыс беріп, өзі де қарымта шабуылға шығуды ұмытқан жоқ. Екінші раундта да жерлесіміз бірінші нөмірмен жұдырықтасса, Хуан Де Анхель көбіне қорғануға мәжбүр болды.

Үшінші раундта Қанат қарқынын сәл

бәсеңдеткенімен, жұмсаған соққылары діттеген жеріне дөп тиіп жатты. Келесі кезеңде жаттықтырушысының сөзіне құлақ асқан біздің боксшы тағы да екпінін баяулатты. Алайда, раунд соңында шабуылын күшейткен ол Де Анхельді соққының астына алды. Колумбиялықтың бағына орай дәл сол мезетте раунд аяқталып, ол нокауннан аман қалды.

Келесі бесінші раундта алдыңғыларындай қазақтандықтың басымдығымен өтті. Уақыт өткен сайын



қарқынын күшейткен Қанаттың соққыларынан есеңгіреген колумбиялық үшін екі аяққа тұрудың өзі мұңға айналды. Өйтсе де, бұл жолы да оны раундтың аяқталғанын білдіретін гонг құтқарып қалды.


Ал алтыншы раундта Де Анхельдің күші сарқылып, нокаундқа түсті. Алайда, жекпе-жекті жалғастыруға мүмкіндік тапқанымен, есін толық жинап үлгермеген колумбиялықтың одан өріге шамасы жетпеді. Нәтижесінде төреші жекпе-

Кәсіпқой боксшы Қанат Ислам 21-жеңісіне қол жеткізді

жекті тоқтатып, Қанат Исламның жеңіске жеткенін хабарлады.

Осылайша, жерлесіміз кәсіпқой рингтегі 21-жеңісіне қол жеткізіп отыр. Бұған дейін 21 жекпе-жек өткізген Қанаттың соның 18-інде мерзімінен бұрын жеңіске жеткенін атап өткен жөн.

Тағы бір назар аударар жайт, Ислам мен Де Анхель кездесуі 10 раундқа жоспарланған болатын.



Көрнекі ақпарат пен жарнамаға-сауаттылық!

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасының тіл туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама Туралы» Заңына сәйкес, Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 25-әкімімен «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» айлығын өткізу бойынша қалалық комиссия құрылып, қала бойынша тексеріс жүргізіліп жатыр.

Заңнамаға сәйкес, көрнекі ақпараттың барлық мәтіндері келесі тәртіпте болуы тиіс: сол жақта немесе жоғарыда-мемлекеттік тілде, оң жақта немесе төменде-орыс тілінде, бірдей мөлшердегі әріптермен жазылады. Қажет еткен жағдайда көрнекі ақпарат мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Сонымен бірге шрифт мөлшері нормативтік құқықтық нормалармен белгіленген талаптардан асырылмауы керек. Жарнама ақпараты тұтынушыға лайықты түрде жеткізіліп, мемлекеттік және орыс тілінде (сонымен қатар, жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде) таратылып, анық, айырып танылатын, тазалықта және белгіленген тәртіпте ұсталуы тиіс.

Даңғыл көше бойында орналасқан билборд, бэклайт, брендмауэр, лайтбокс, қалқанша т.б және даңғыл, ықшам аудан, көше бойында орналасқан мейрамхана, дәмхана, дүкен, шаштаразы, әсемдік салондары, кеңсе, банк, сауда және бизнес орталықтарының атауларындағы қателіктер басты назарға алынып, түзетіліп жатыр.

«Тіл тағдыры- ел тағдыры» демекші, қала тұрғындары мен кәсіпкерлер назарына жоғарыда көрсетілген нысандар бойынша қателіктерді байқаған болсаңыздар, Герцена 1 мекенжайында орналасқан «Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ келіп, өз үлестеріңізді қосуларыңызды сұраймыз.

Болат ТӨЛЕУБАЕВ,
Теміртау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы



Айлық өтіп жатыр

Қала көшелеріндегі көрнекі ақпарат пен жарнамадағы жіберілетін қателер жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Бұл ретте әкімдік, тиісті бөлім арнайы айлық өткізіп, мамандарды қатыстырып рейдтер жасауды үнемі қолға алып жүр. Биыл 18 сәуір мен 18 мамыр аралығында «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» атты айлық өткізілуде. Оның барысында қызмет көрсету, сонымен бірге басқа да көпшілік орындарының ішкі сыртқы жарнамаларының еліміздегі тіл және жарнама заңдарына сәйкестілігі тексеріліп жатыр.



Негізі біздің «Құрыш қала KZ» газеті бұл мәселені үнемі назарда ұстап әкімдіктің тиісті бөлімімен байланыста жұмыс істеп рейдтерге қатысып қателердің түзелуіне өз үлесін қосып келеді. Биылдан бастап басылым бетінде «Қатесіз қала» акциясын өткізу дәстүрі басталды. Көше қателерін суретке түсіріп көпшіліктің назарына ұсыну оның тез арада жөнделуіне өз ықпалын тигізуде. Өткен жылы 28 қыркүйек – 28 қазан аралығында өткізілген айлық барысында да бір қатар көше қателері тізіліп тиісті орындарға ескерту ұсыныс жасалған болатын. Дегенмен осындай ізгілікті шаралардың кейде түпкі нәтижеге жеткізбейтіні де ойланарлық жағдай. Кейбір жеке меншік нысан иелері мамандар ескерткен қателерге мән бермейді, заң талаптарын орындауға құлық танытпайды. Мұндай жағдай сыртқы жарнаманы екі тілде жазуға байланысты орын алып жүр. Тілдер туралы заңның 21 бабында көрнекі ақпараттың мәтінін жазу тәртібі белгіленген. Мәтін мемлекеттік тілде жарнама тақтайшасының сол қанатына немесе жоғары жағына, ал орыс тілінде оң жағына немесе төменіне орналасуы керек. Әріп өлшемдері де бірдей болуы тиіс. Өкінішке орай бұл талаптар қатаң орындалмайтыны Комсомол даңғылында бірнеше сауда орындары нысандарынан көруге болады. Қызмет көрсету орындарының жұмыс кестесін, жарнамасын бір ғана орыс тілінде жазу кеңінен орын алған. Мұндай қателіктер «Көктем», «Вавилон» сауда үйлерінде кездеседі.


Тексерушілердің орынды ескертпелерін тез арада жөндеп ретке келтіруден гөрі «мұны орындамасақ не болады» деген сияқты сауал қызықтырады. Кәсіпкерлерді бұған жауап ретінде әкімшілік құқық бұзу Кодексінің 344 бабы, II бөлімі бойынша жарнаманы тарату талаптарын бұзу заңмен айыпталатынын тағы бір рет еске сала кеткен жөн. Заң орындалмаса жеке тұлғаларға 10-нан 20-ға дейінгі мөлшерде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды қызметкерлерге 50-ден 70-ке дейін, коммерциялық заңды тұлғаларға 100-ден 200-ге дейін, ірі кәсіпкерлік нысандарға 200-ден 400-ге дейін айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады.

Қаламызда осы Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде екі

Көшедегі қателер қайтсек азаяды?

«... Қазақ тілі өзінің барынша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің жетістігі – украин, өзбек және орыс тілдерінің жетістігі сияқты бүкіл адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде-бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып-түсінуге болатын сөздер бар».

Н. НАЗАРБАЕВ



көшенің аты ғана қазақшаланған. Ол Свердловтың Тәуелсіздік гүлзарына, ал Лениннің

Республика даңғылына айналғаны, Тәуелсіздіктің 10 жылдығында жасалған осы өзгеріске 15 жылдың жүзі болса да кейбір үйлердің сыртында әлі бұрынғы атаулары сол күйінде мызғымай тұр. Оны біз бірнеше рет суретке түсіріп газетке жаздық та бірақ тиісті атқарушы мекемелер уақытпен пен қаржы тапшылығын сылтауратып күні бүгінге дейін созып келеді. Енді міне тағы да кезекті айлық өтіп жатыр. Комиссия мүшелері бұрынғы қателермен қоса жаңа олқылықтардың да бетін

ашары анық. Дегенмен осы ізгілікті іс толтырылған хаттама беттерінде қалмай нәтижеге қол жеткізіп жатса құба-құп. Қала тұрғындары арасында «қазақ тіліндегі сөздерде қате кете береді» деген түсінікті мүлде болдырмайтын уақыт жетті. Ел заңдарында көрнекі ақпаратты орналастыру заң талаптарына сай жауаптылыққа әкеп соғатыны тайға таңба басқандай жазылған. Осы талаптар ешбір шүбәсіз орындалуы керек.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 55
Тиражы 700 дана.
Форматы А-3.
Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15 үй). Индекс 65023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз: **khurysh_khala_KZ@mail.ru**